

КОНТАКТ-ЦЕНТРЫ ИГРАЮТ КЛЮЧЕВУЮ РОЛЬ В ПОСТРОЕНИИ ДИАЛОГА МЕЖДУ ГОСУДАРСТВОМ И ГРАЖДАНАМИ. ОБЪЕДИНЯЯ УСИЛИЯ, МЫ ДЕЛАЕМ ВАЖНЫЙ ШАГ К СОВМЕСТНОМУ РАЗВИТИЮ СТАНДАРТОВ КАЧЕСТВА ОБСЛУЖИВАНИЯ, ВНЕДРЕНИЮ ЦИФРОВЫХ РЕШЕНИЙ, ПРОВЕДЕНИЮ ОБУЧАЮЩИХ ПРОГРАММ ДЛЯ ОПЕРАТОРОВ КОНТАКТ-ЦЕНТРОВ 1433 И 109, А ТАКЖЕ В МОНИТОРИНГЕ И АНАЛИЗЕ ОБРАЩЕНИЙ ДЛЯ ПОВЫШЕНИЯ УДОВЛЕТВОРЕННОСТИ ГРАЖДАН.

Толеген ИГЕМБАЕВ,
заместитель генерального директора по маркетингу и
сервису АО «Пассажирские перевозки»



№25 (3064)
04/04/2025

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА



УСИЛИТЬ ЛОГИСТИЧЕСКОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО

Руководство АО «НК «ҚТЖ» провело встречу с представителями компаний Словении (Actual IT Group, Riko, Kontron, SOP International) по вопросам сотрудничества в сфере транспорта и логистики.



Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана

Главы компаний в области IT-решений, логистики, энергетики и транспортной инфраструктуры, а также железнодорожной промышленности прибыли в Казахстан с официальным визитом в составе делегации президента Словении Наташи Пириц-Мусар.

Стороны обсудили возможности расширения транспортно-логистических связей, вопросы сотрудничества в рамках развития Транскаспийского международного транспортного маршрута, потенциальной реали-

зации совместных проектов в части цифровых продуктов для портов и логистических центров, модернизации устройств электроснабжения магистральной железнодорожной сети и другие.

К слову, каждая из компаний имеет большой бэкграунд в международной области. К примеру, компания Actual IT Group предлагает следующие решения для портов: система управления терминалом, портовая информационная система управления рабочей силой, складом, морским единым окном, маневровых операций на железной дороге и другие.

Внедрены IT-системы в портах и

логистических центрах: Каспийское море – порт Баку (Азербайджан), Черное море – порты Варна и Бургас (Болгария), порты Батуми и Поти (Грузия), Юго-Восточная Европа – Албания, Черногория, Хорватия, Словения, Средиземное море – Италия, Мальта, Ближний Восток – порт Акаба (Иордания).

По итогам встречи отмечено, Словения – важный партнер Казахстана в Европейском союзе, и отношения между странами укрепляются в духе дружбы и взаимного уважения. Участники встречи выразили готовность к совместной работе, направленной на дальнейшее рас-

ширение сотрудничества двух стран.

К слову, в рамках официального визита в составе делегации президента Словении Наташи Пириц-Мусар отдельно был рассмотрен вопрос расширения транспортно-логистических связей между странами. В частности, стороны обсудили присоединение словенского морского порта Лука Копер к проекту Транскаспийского международного транспортного коридора и достигли взаимопонимания по этому вопросу. Профильным ведомствам поручено принять конкретные меры по увеличению объемов взаимной торговли. Изучив передовой опыт словенской стороны в деле управления водными ресурсами, Казахстан выразил готовность к совместной работе в данной области.

Фото Александра ЖАБЧУКА

ОПАСНЫЕ УВЛЕЧЕНИЯ



Все больше молодых людей подвергают свою жизнь смертельному риску ради эффектных кадров или адреналина.

В погоне за лайками в соцсетях подростки заходят на железнодорожные пути, выбирая эффектные кадры на фоне приближающегося поезда. Однако они забывают, что локомотив набирает скорость и имеет длинный тормозной путь – до одного километра.

– Железная дорога – это зона повышенного риска. Нахождение вблизи путей требует особой бдительности. Однако многие игнорируют элементарные меры предосторожности, ставя под угрозу свою жизнь. Невнимательность на железной дороге может привести к трагическим последствиям. Поезд не может остановиться мгновенно. Даже если машинист заметит человека, экстренное торможение не всегда спасает. Нередко такие попытки сделать необычное фото заканчиваются трагическим исходом, – говорит заместитель председателя правления ОА «НК «ҚТЖ» Талгат Алдыбергенов.

Еще одна опасная тенденция среди молодежи – зацепинг, то есть попытки проехаться снаружи грузового или пассажирского вагона. Подростки цепляются за вагоны, залезают на крыши, не осознавая, что могут сорваться, упасть под колеса или получить удар током высокого напряжения. Контактная сеть в 27 000 вольт не оставляет шансов на выживание. Надо отметить, что в последнее время увеличилось случаи зацепинга не только на магистральной сети РК, но и на железных дорогах стран СНГ.

В 2024 году на магистральной железнодорожной сети было зафиксировано 75 наездов на людей, в том числе с летальным исходом – 37 человек, травмировано 38. За первый квартал уже произошло 16 случаев наезда, из которых 10 – травмы, несовместимые с жизнью, в шести случаях пострадавшие были госпитализированы. Основная категория пострадавших – это люди в возрасте от 15 лет и старше.

Причинами травмирования стали пересечение железнодорожных путей в неустановленных местах, неиспользование пешеходных мостов и переходов, нахождение в состоянии алкогольного опьянения и хождение по путям в наусишках. Для предотвращения наездов на людей в 2024 году локомотивными бригадами было применено 649 экстренных торможений, в текущем году – 89, из них наибольшее количество зафиксировано в Алматинском, Карагандинском и Жамбылском регионах.

Не прекращаются нарушения правил дорожного движения водителями автомобилей на железнодорожных переездах. В прошлом году было допущено 28 дорожно-транспортных происшествий, в результате которых погибли три человека. В этом году уже произошло семь дорожно-транспортных происшествий, в которых погиб один человек.

Представители ҚТЖ совместно с линейной полицией на транспорте провели 277 рейдов, выявив 20 нарушений. Также было организовано 77 собраний в автопредприятиях с охватом 1 503 человек. Дорожной полицией совместно с подразделениями ҚТЖ необходимо проводить профилактическую работу, направленную на предупреждение ДТП на железнодорожных переездах.

Приближаются летние каникулы, и возрастает риск нахождения подростков на объектах железнодорожного транспорта. В связи с этим железнодорожники обращаются к родителям и учебным заведениям с просьбой провести разъяснительную работу с детьми о том, что железная дорога – не место для игр и селфи, а зацепинг – смертельно опасное развлечение. ҚТЖ призывает граждан соблюдать правила безопасности на железной дороге и беречь свою жизнь.

Любовь ПОДОЛЯК, Астана



Әнуар АМАНТАЕВ

«ҚТЖ» ҰҚ» АҚ филиалы –
Магистральдық желі дирекциясы
директорының инфрақұрылымдық
даму және қауіпсіздікті қамтамасыз
ету жөніндегі орынбасары:

ҚТЖ – СЕҢІМДІ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ЖОҒАРЫ ЖҰМЫС БЕРУШІ. КОМПАНИЯДА ЖҰМЫСШЫЛАРҒА БАРЛЫҚ ЕҢБЕК ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙ ЖАСАЛҒАН. ЖАЛАҚЫ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК ПАКЕТ ЖҮЛ САЙЫН ӨСПІ ОТЫРАДЫ. САНИТАРЛЫҚ-ТҰРМЫСТЫҚ ЖАҒДАЙДЫ ЖАҚСARTУҒА ЕРЕКШЕ КӨНІЛ БӨЛІНЕДІ. СОЛ ҮШІН АРНАЙЫ БАҒДАРЛАМА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

ОСЫ ЖЫЛДЫҢ ЕКІ
АЙЫНДА ҚТЖ ЖЕЛІСІ
БОЙЫНША

2,4 млн

ТОННАДАН АСТАМ АСТЫҚ
ТАСЫМАЛДАНҒАН.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ВАГОН
ЖАСАУ КОМПАНИЯСЫНЫҢ
ӨНДІРІСТІК ҚУАТЫ БҮГІНДЕ

240

ВАГОНДЫ ҚҰРАП ОТЫР.

«ТЕМІРЖОЛСУ» АҚ
ТАРАПЫНАН ӨТКЕН ЖЫЛЫ

330

НЫСАНҒА АҒЫМДЫҚ
ЖӨНДЕУ ЖҮРГІЗІЛГЕН.

Тасымал

РЕКОРДТЫҚ КӨРСЕТКІШ

ҚТЖ желісі бойынша соңғы бес жылда бірінші тоқсанда астық тасымалдаудың рекордтық көлеміне қол жеткізілді. Биыл қаңтар-наурыз айларында теміржол көлігімен 3,6 млн тонна астық тасымалданған, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 49% артық.



Ұлан ОРАЗ,
Астана

Сондай-ақ экспортқа 2,8 млн тонна жөнелтіліп, өсім 52% құрады. Республика бойынша 788 мың тонна астық тасымалданды, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 38% көп.

Үш ай ішінде Иранға астық тасымалдау 11 есе, Балтық

жағалауы елдеріне бес есе өсті. Қытай бағытында қосылған құны жоғары өңделген астық өнімдері, атап айтқанда құрама жем көлемінің тұрақты өсу серпіні байқалады. Олардың көлемі үш айда 500 мың тоннадан асып, өткен жылмен салыстырғанда 5,5 есеге артты.

Наурыз айында ҚТЖ желісі бойынша астықты тиеу көлемі

де соңғы бес жылда жаңа рекорд орнатып, 1,2 млн тоннаны құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 63% артық. Астықтың ішкі тасымалы 43% өсіп, 290 мың тоннаға жетті, ал экспорттық жөнелтілім 70% артып, 914 мың тоннаны құрады. Наурызда барлық негізгі бағыттар бойынша экспорттың өсуі тіркелді. Орталық Азия

елдеріне 463 мың тонна астық жөнелтілді, бұл өткен жылғы деңгейден 48% артық.

Өзбекстанға астық тасымалдау – 28%, Тәжікстанға – 80%, Түрікменстанға – 18%, Қырғызстанға алты есе өсті. Ауғанстанға жеткізілім 23% өсті. Ақтау және Құрық порттары арқылы Иран бағытында тасымалдау 18 есе, Қара теңіз порттары арқылы – 35%, Балтық порттары арқылы – 26%, Балтық елдеріне 10 есе артты.

ҚТЖ сенімді логистиканы және астық нарығына қатысушылармен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз етуді жалғастыруда. Көлік инфрақұрылымы, сондай-ақ вагон мен локомотив паркі мәлімделген тасымалдау көлемін орындауға толық дайын.

ТҮЙІНДІ МӘСЕЛЕЛЕР ТАРҚАТЫЛҒАН САПАР

Атырау магистральдық желі бөлімшесінің директоры Аралбай Қосымбаев өзінің орынбасарлары және бөлім басшыларымен бірге Құлсары, Мақат, Сағыз, Опорный, Толтыр, Бейнеу станциялары мен шағын бекеттерді аралап, жергілікті теміржолшылармен кездесті.



Қосыйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Жұмысшының еңбек орнында жағдайын жасау – Компания басымдық беріп отырған міндеттердің бірі. Бұл ретте атыраулық теміржолшыларға жасалып жатқан игілік баршылық, дегенмен әлі де шешімін күткен мәселе аз емес екен. 2023 жылы өңірге бес тонналық 95 контейнер жеткізіліп, станциялар мен разъездерге орналастырылған. Былтыр да сондай 37 тұрғын-модульдік ғимарат алынып, теміржолшылар игілігіне берілген. Мұның бәрі жұмысшылардың санитарлық-тұрмыстық жағдайларының жақсаруы мен еңбек ету деңгейінің көтерілуіне үлкен ықпалын тигізді.

– Біздің бүгінгі іссапарымыздың негізгі мақсаты – сіздермен жүзбе-жүз кездесіп, әңгімелесіп, проблемаларды бірге шешіп,



сұрақтарыңызға құлақ асу. Сондықтан комиссия құрамындағы мамандарға сауалдарыңызды жолдай беріңіздер. Сондай-ақ қауіпсіз еңбек жағдайы мен еңбек сапасын дамыту бойынша атқарылып жатқан жұмыстардың есебі мен алдағы жоспары жөнінде де ақпарат беріледі, – деді А.Қосымбаев. Персоналды басқару бөлімінің бастығы Анар Жалғасбаеваның атап өткеніндей, 2025 жылы 1 қаңтарда штаттық кесте бойынша 2122 адам және 65 адам

басқару аппаратында тіркелген. Жұмыс істеп жатқан 2 және 3-топтағы мүгедектер саны 27 адамды құрайды. Былтырғы жылы санаторлық-емдік шипажайда демалғандар саны – 122 адам, оның 50-і зейнеткер. ҚТЖ филиалдарының жұмысшылары мен қызметкерлеріне еңбекақы төлеу схемаларына (4, 5-қосымшаларға) сәйкес 01.01.2025 жылдан бастап 1 және 5 дәреже арасындағы «жұмысшылар» санатынан басқа барлық қызметкерлердің

жалақысы 7%-ға; 1 және 5 дәреже арасындағы «жұмысшылар» санаты бойынша жалақы 8,5%-ға өскен. Арнайы киім, арнайы аяқ киім және арнайы қорғаныш құралдарымен уақытты қамтамасыз етіліп, жұмыс орындарын аттестаттау қорытындысы бойынша арнайы сүт, еңбек демалысына үстеме демалыс күндері беріледі.

Көпшілік өздерін толғандырған сұрақтарын қойды. Бөлімше теміржолшылары «Архимедес» клиникасына тіркелген, алайда Құлсары қаласында оның филиалы жоқ екен. Басқа клиникалар келісімшарт бойынша қарайды, алайда оның да мерзімі өтіп кетіпті. Сондай-ақ кейбір санаттарға жалақы 7%-ға көбейтілмеген. Бір мамандардың еңбек демалысы 36 күн болса, енді бірінкі 30 күн. ІІІ топ мүгедектік алған С. оған бөлімше тарапынан ешқандай көмек болмағанына шағымдана, қармен күрес науқаны кезінде қолды тазалауға шыққандар сол күндерге қалай қосымша жалақы төленеді, жеке табыс салығы жеңілдігі кімдерге беріледі деген де сауал болды. (Жалғасы 2-бетте)

АҚТӨБЕДЕН ҚАЗАЛЫҒА ҚАТЫНАЙДЫ

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе



ЖОЛАУШЫ
ТАСЫМАЛЫ

2 сәуірден бастап №630 пойызы «Ақтөбе-Қазалы» бағыты бойынша рейске шықты. Қалааралық қатынас Ақтөбеден жұп, Қазалыдан тақ күндері ұйымдастырылған.



«Жолаушылар тасымалы» АҚ «Батыс» өңірлік филиалы өткен жылдың қазан айында іске қосылған «Ақтөбе-Шалқар» пойызының бағытын Қазалы бекетіне дейін ұзартылғанын хабарлады.

«Мұның бәрі – жолаушыларға қызмет көрсету сапасын жақсартуға бағытталған жұмыстар. Жаңа қалааралық рейс ақтөбеліктерге ыңғайлы болу үшін кешкі уақытта шығады. Бүгінгі салтанатты шараға Батыс филиалы мен Бөлімше басшылары қатысып, жергілікті тұрғындар өтінішіне орай маршруты ұзарып отырған қалааралық пойыздың сапарына сәттілік тіледі», – деді вокзал басшысы Арсен Кенжин.

Пойыз Ақтөбеден жұп күндері сағат 22.25-те жөнелтіліп, келесі күні сағат 11.32-де Қазалыға жетеді. Ал «Қазалы-Ақтөбе» бағыты бойынша №629 пойыз тақ күндері сағат 18.20-да жүріп, келесі күні сағат 7.34-те Ақтөбеге жетеді.

Шалқарға жол жүру құны өзгеріссіз қалады. Ақтөбеден Қазалыға бару үшін билет құны плацкарт вагонында 5 786 теңге болса, купе 8 581 теңгені құрайды.

№630 пойыздың Қазалыға алғашқы сапары 2 сәуірде Ақтөбе теміржол станциясының вокзалынан бастау алды.

Суретті түсірген автор

ЖҰМЫС ҚАРҚЫНЫ ЖОҒАРЫ

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда



СТАНЦИЯ
ТЫНЫСЫ

Қазалы станциясы – Қызылорда облысындағы ең маңызды теміржол торабының бірі. Станцияның жұмыс кестесі өте тығыз, себебі бұл бекет аудан орталығы мен өндірістік аймаққа қызмет көрсететін стратегиялық маңызы бар нүкте болып табылады.



Өндірістік көрсеткіштерді жоғары деңгейде орындауда қазалылықтар теміржолшылар алдына жан салмайды. Ақпан айының өзінде жүк түсіру жоспарын 136,6 пайызға асыра орындады. Мұндай нәтиже станцияға келетін жүк вагондарының уақытлы өңделуімен, жедел рәсімдеу және құжаттау процестерінің кәсіби деңгейде орындалуымен тікелей байланысты. Сондай-ақ вагонға тапсырыс берушілермен тиімді әріптестік орнату бұл көрсеткіштерді арттыруға оң ықпал еткен.

Одан бөлек, ақпан айында Қазалы станциясында 78 пойыз бөлшектеліп, 15 пойыз құрастырылды, 4694 вагон ажыратылып, 4592 вагон қайта тіркелді, ал 233 вагон кірме жолдарға жөнелтілді. Бір айда атқарылған жүк тасымалы мен өңдеу жұмыстарының осыншама ауқымды жүктемесін жоғары деңгейде игеру жергілікті теміржолшылардың кәсіби біліктілігін, кәсіби деңгейін айғақтайды.

Қазалы станциясы бастығының орынбасары Руслан Мақашевтың айтуынша, Өйтеке би кенті мен қаламен іргелес орналасуы станцияда өндірістік жұмыстардың тәулік бойы үздіксіз жүруіне әсер етеді. Ұжым мүшелері бұл қарқынды жұмысқа әбден бейімделген, әрқайсысы өз міндетін мінсіз атқаруға дағдыланған.

– Бізде жұмыс қарқыны қашан да жоғары. Өткен айда өндірістік көрсеткіштерді асыра орындадық. Мысалы, бір жүк операциясы кезіндегі вагонның бос тұру уақытын 7,8 сағаттан 7,12 сағатқа дейін қысқартып, жоспарды 109,5 пайызға орындадық, – деген Руслан Мақашев станция кезекшілері Өмірбай Қарабеков, Мейірбек Малиевтің, пойыз құрастырушылар Мейрамбек Құлмұратов, Мұрат Асылқанның, парк кезекшілері Еркін Үсенбаев, Сакен Ибраев, Асия Мектепова және Талғат Көшекбаевтың еңбегін ерекше атап өтті.

Суретті түсірген автор

Сұхбат



Александр ШИРЯЕВ:

ҚАЖЕТТІ ВАГОН ПАРКІ МЕН ТИІМДІ ТАСЫМАЛ ҰСЫНАМЫЗ

«КТЖ» ҰК» АҚ еншілес ұйымы «Қазтеміртранс» АҚ – еліміздегі жүк вагон паркінің ірі операторы. Жиырма жылдан астам уақыт нарықта жүк тасымалдаушыларды қажетті жүк вагондарымен қамтамасыз етіп келе жатқан компания 2024 жылды қалай аяқтады, қандай табысты көрсеткіштерге қол жеткізді, алдағы күн еншісіне нендей міндеттерді қойып отыр? Осы сынды тағысын тағы мәселелер хақында акционерлік қоғам бас директорының орынбасары Александр Ширяевты әңгімеге тарттық.

Сүлүгүл БАКЕСОВА,
Астана

– Александр Сергеевич, әңгімеізді компания меншігіндегі вагон паркінен, алдағы даму бағыттары мен артықшылықтарынан бастасақ...

– «Қазтеміртранс» АҚ Қазақстандағы жүк вагон паркінің ең ірі жалғыз операторы деуге болады. Компанияның жекеменшік вагон паркіндегі вагондар саны 38 мың бірлік шамасында. Олар ашық және жабық вагондар, платформалар, астық және цемент тасушылар, тағы басқа да вагон түрлері. Енді компания қызметіне келсек, ол жүк вагондарын бағдарлау, арнайы жылжымалы құрамдарды жалға беру сияқты бағыттарды қамтиды. «Қазтеміртранс» АҚ вагондарымен тасымалданатын жүктердің басым бөлігін сусымалы, яғни көмір, шағыл тас, кен сияқты жүктер құрайды. Сонымен қатар ыдысты-даналанған жүктер, астық, құрылыс жүктері, тағы басқа тауарлар да тасымалданады. Компания перспективалы даму бағыттарына айрықша ден қойып отыр. Олардың қатарында жүк тасымалдаушы жылжымалы құрамдар паркін жаңалау, корпоративті басқару жүйелерін жетілдіру, сондай-ақ қызметтер сапасы мен әлемдік стандарттар үлгісіне сәйкес келу сияқты басты бағыттар бар. «Қазтеміртранс» АҚ-ның басты артықшылығы неде дейтін мәселеге келсек, ол әлбетте жаңа айтып өткенімдей, бізде ең үлкен вагон паркі болғандықтан, вагондармен қамтамасыз етудің ең үлкен мүмкіндігі туып отыр. Екіншіден, клиенттерге жеке кабинеттері арқылы онлайн режимде ең қолайлы сервис қарастырылған, үшіншіден компания ең ашық тарифтік саясатты ұстанады.

– Жүк вагондардың ұлттық операторы өткен 2024 жылды қандай жетістіктермен қорытындылады, қандай жобаларды жүзеге асырды, осыған тоқталып өтсеңіз.

– «Қазтеміртранс» АҚ бүгінде 2024 жылдағы жұмысын толық қорытындылап болды. Осы арада компания қызметкерлерінің бір команда болып, ұйысып ұжымдаса еңбек

етуінің арқасында «ҚТТ» АҚ өте жақсы нәтижелер көрсеткенін айтар едім. Яғни кірістің айтарлықтай өсіміне қол жеткізді, тұтынушыларға қызмет көрсету жақсарып, вагондарды жөндеу көлемі де ұлғайтылды. Егер қаржылық көрсеткішіне келсек, 2024 жылдың қорытындысы бойынша компанияның түпкілікті кірісі бастапқы межеден 76,8%-ға артық шықты. Бұл өсудің негізгі факторы жөндеу шығындарын үнемдеу және жаңа вагондар жөнелтімдерінің көбеюі есебінен болып отыр. Жүк вагондарының ірі операторы ретінде біз үшін клиенттер сұранысының қанағаттанарлық деңгейде болуы аса маңызды. Сондықтан біз бұл мәселеге айрықша мән беріп, жұмыс істейміз. Қуантатыны, бұл бағытта да жемісті нәтиже бар. Мәселен, 2024 жылы клиенттердің қанағаттануы 2023 жылмен салыстырғанда 4% артып, 89,17% құрады. Бұл арада қанағаттануды арттыруға бірнеше факторлар ықпал етті, олар: вагондар санын көбейту, жылжымалы құрамды жаңарту және қызмет көрсетілімінің автоматтандырылуын жақсарту. Компания вагондарды ағымдық ағытып алып жөндеуге жөнелту санын азайту арқылы да айтарлықтай табысқа қол жеткізді. Мәселен, 2024 жылы ағытып алу саны 2023 жылмен салыстырғанда 8% төмендеді. Бұл жөндеу мен техникалық қызмет көрсету сапасын арттырудың арқасында мүмкін болды. Өткен жылы жөндеуге кіргізілген вагондар санын алдыңғы жылмен салыстырғанда 5% немесе 756 вагонға арттырдық. Яғни 2024 жылы барлығы 14 353 вагон жөнелді. Сонымен қатар ҚТТ-ның негізгі өндірістік көрсеткіші болып табылатын тасымал көлемі 2024 жылы 100% орындалды. Бұдан басқа біз экспорттық нарықтарға шығу бойынша жұмыстар жүргізіп, жұмыс паркін ұлғайттық. Ал өткен жылы қандай жобалар қолға алынып, жүзеге асырылды дейтін болсақ, былтыр «Multicode» немесе «Өндірістік қызметті басқарудың бірыңғай платформасы» жобасының бірінші кезеңі аяқталды. Бұл жоба бизнес-процестерді автоматтандыруға және жақсартуға бағытталған. Бұдан басқа, «Бағдарлауда жүк вагондарын бөлу регла-

менті» әзірленіп, бекітілді, сондай-ақ 2025 жылдан бастап вагондарды жөндеу моделі анықталды. Инновациялық тасымалдау жолдары да қарастырылды. Бірінші рет ашық вагондарда астықты тасымалдау ұйымдастырылды. Келешекте желідегі кестені оңтайландыру үшін мұндай тасымалдарды ұлғайту жоспарланып отыр.

– Әңгімеізді 2025 жылға қойып отырған жұмыс жоспарымен аяқтасақ...

– 2025 жылы да компания даму бағытындағы жұмыстарын жалғастырып, жетістіктерін арттыруға күш салады. Алға қойып отырған негізгі мақсаттар арасында: экспорт үлесін 15% ұлғайту, 2025 жылға жоспарланған барлық көрсеткіштерді 100% орындау, клиенттердің қанағаттануын 87%-ға дейін, компанияның әлеуметтік тұрақтылық рейтингін 80%-ға дейін арттыру, сондай-ақ компанияның 3000 жаңа ашық вагонын толық пайдалану және экспорттық келісімшарттарда іске қосылған вагондардың үлесін 15%-ға дейін ұлғайту (4000 вагон) бар. Компания қызмет көрсету сапасын жақсарту, техникалық қайта жарақтандыру және тасымалдау мүмкіндіктерін кеңейту бойынша белсенді жұмыс жүргізуде, бұл нарықтағы позицияларды нығайтуға және клиенттердің сенімін арттыруға ықпал етеді.

Қорыта айтқанда, 2024 жыл – «Қазтеміртранс» АҚ үшін айтарлықтай жетістіктер жылы болды деуге толық негіз бар. Өткен жыл нәтижелері ұжым алдында қойылған міндеттердің тұрақты өскенін және табысты іске асырылғанын көрсетіп отыр. Яғни компания кірісін ұлғайта білдік, барлық межелеген бюджеттік параметрлер мен жөндеуге қатысты өндірістік бағдарламаларды табысты орындадық. 2025 жылы да ҚТТ өзінің бәсекелестік артықшылықтарын нығайтуды, сервисі жақсартуды және клиенттерге тиімді тасымалдау мен қызмет көрсету үшін инновациялық шешімдерді дамытуды жалғастыратын болады. ҚТТ клиентке қажетті вагон паркі мен тиімді тасымал түрлерін кез келген уақытта және мерзімге ұсынады.

– Әңгімеізге рахмет!

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ТҮЙІНДІ МӘСЕЛЕЛЕР ТАРҚАТЫЛҒАН САПАР

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қысқы аязда, жазғы ыстықта төленетін қосымша ақы кімдерге тиесілі, жол техникаларын жөндеуге апарып, кері қайтарда СВ мен Тальго пойызына алынған билет құны неге жұмысшыларға төленбейді, 55 жаста зейнетке шығу жолдары қандай, т.т. сауалдарға кадр және заң мамандары жауап берді.

Жалпы, Атырау облысы мен Маңғыстау облысының аудандық коэффициенті жер

мен көктей, Маңғыстау аумағында жұмыс жасайтын, бірақ Атырау бөлімшесіне қарайтын мамандардың жалақысында айтарлықтай айырмашылық бар. «Атырау облысы бойынша ортақ коэффициентке келтіріліп – 1,50%, Маңғыстау – 80% өңірлік коэффициентпен алады. Бізге жоқ, ал Маңғыстау облысына төленіп отыр, не себепті?» дейді олар. Толтыр, Бейнеу станцияларында да жұмысшылар тарапынан

арыз-шағым көп айтылды, олар спорттық қарыстарға қатыса алмайтынын, өйткені Атырауда баратын жол ақысы, іссапар шығыны қарастырылмағанын жеткізді. Кей станцияда жұмысшылар арнайы киімнің сапасы нашар екенін сөз қылды.

Жұмысшылармен кездесу барысында көтерілген барлық мәселелер қатталып, оң шешімін табу жолдары қарастырылатын болады.

ЖАҢА ТЕПЛОВОЗДАР ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДЕ



ИННОВАЦИЯ

Ардақ ҮСЕЙІНОВА,
Жамбыл

Жамбыл локомотив пайдалану депосы бастығының пайдалану жөніндегі орынбасары Мәди Қонысбаевтың айтуынша 180 шақырымды құрайтын телім негізінен өңірдегі фосфорит кен орындарын игеріп жатқан алпауыт компанияларға қызмет көрсетеді. Яғни теміржолдың тасымал қызметін пайдаланатын аймақтағы ірі жүк жөнелтушілер солар. Сондықтан Қаратау – Жаңатас тармағына су жаңа локомотивтердің қатынауы қажеттіліктен туындап отыр.

Мамандардың айтуынша, жаңа тепловоздардың бұрынғы үлгілерден ерекшеліктері көп. Ішінде машинистер үшін барлық қолайлы жағдай жасалған. Машинаны басқару процесін жақсартуға мүмкіндік беретін заманауи цифрлық жүйе орнатылған.



– Жаңа жүк локомотивтерінің пайдалануды қамтамасыз ететін басқару тақтасы машинаның қозғалтқышын автоматты түрде іске қосатын борттық компьютермен жабдықталуында дер едім. Ал әзірлік, кернеу, майддың температурасы секілді көрсеткіштер монитордан көрініп тұрады. Тепловоздың қай бағытта кетіп бара жатқанын немесе тоқтап тұрғанын анықтауға мүмкіндік беретін навигациялық бақылау жүйесі бар.

Локомотивтерге отынды тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін жаңа «Оптимайзер» және «Борт» қауіпсіздік жүйелері орнатылған. Бұл бізге қауіпсіз тасымалдауды қамтамасыз етуде берілген зор мүмкіндік, – дейді депо бастығының орынбасары.


Машинистерге автоматтандырылған жүйелермен жабдықталған жаңа тепловоздарды басқару үшін дайындық қажет екені белгілі. Осы бағытта депо басшылығы

қызметкерлерді қайта оқытуды қолға алып, біліктілік арттыру курстарына жіберіп, даярлық жүргізген. Мамандар жылжымалы құрам паркін жаңарту арқылы жүк тасымалы артып, пойыздар қозғалысының жылдамдығы мен қауіпсіз қозғалысы жақсара түсті деседі.

– Депо паркін жаңарту жұмыс сапасын арттыратынын сөзсіз. Осы бағыттағы қолға алынған іс-шаралар бізге көрсеткіштерді жақсартуға мүмкіндік беріп отыр. Соның арқасында былтыр тасымалдау жұмыстарының көлемі 19 937 миллион тонна бруттоны құрады. Оның ішінде электр тартылымы 95,3, жылу тартылымы 92,2 пайызға атқарылды. Локомотивтердің жұмыс көлемі 462 652 сағатқа жетті. Жаңартылған тепловоздарды пайдалану бойынша барлық көрсеткіш жоспардағыдай орындалады деп үміт артамыз, – дейді Мәди Қонысбаев.

Суретті түсірген автор

ОБЪЕКТЫ ВЫСОКОЙ ЗНАЧИМОСТИ



Айлин БАУРЖАН,
Астана

Первым в списке объектов стали Курорт-Боровское эксплуатационное вагонное депо (ВЧД-34) и пост ЭЦ. В ходе визита Каната Альмагамбетова интересовали не только производственные вопросы, но и как предприятия обеспечивают безопасность своих работников, насколько последние довольны условиями труда. Во время беседы он отдельно остановился на необходимости повышения престижа рабочих профессий, обучения молодежи и рационализаторских предложений. В частности, он поблагодарил инженера-электронщика ВЧД-34 Дмитрия Рябова за предложение по модернизации системы зарядки носимых фонарей с заменой Ni-Mh батарей на современные Li-ion батареи.

Следующими объектами посещения стали Курорт-Боровское эксплуатационное локомотивное депо (ТЧЭ-10) и рельсоварочное предприятие на станции Курорт-Боровое (РСП-1). К слову, последнее обеспечивает путевое хозяйство компании новыми и восстановленными по всем требованиям эксплуатационных стандартов рельсами, используемыми при ремонте железнодорожного полотна. На сегодня на РСП

Корпоративный омбудсмен АО «НК «КТЖ» Канат Альмагамбетов с рабочим визитом посетил Акмолинское отделение грузовых перевозок. Во время объезда объектов инфраструктуры региона он осмотрел станции Курорт-Боровое, Жана-Есиль и Кокшетау.



работают около 400 человек.

В ходе встреч с трудовыми коллективами были обсуждены вопросы безопасности на рабочих местах, социальных гарантий. Также подняты вопросы касательно дохода и расхода от ПВД, строительства жилья для железнодорожников в районных центрах. Особое внимание уделено разъяснению

норм трудового законодательства, а также правам и обязанностям работников и работодателей.

Рабочие поездки корпоративного омбудсмента способствуют открытому диалогу сотрудников с руководством и помогают оперативно решать актуальные вопросы.

Фото автора

ЦЕЛЬ ИННОВАЦИИ – ДОСТИЖЕНИЕ ЭФФЕКТИВНОСТИ



В АО «НК «КТЖ» завершены работы по интеграции автоматизированной системы управления расчетами грузовых перевозок с банками АО «Банк ЦентрКредит», АО «Фридом Банк Казахстан», на стадии завершения с АО «ForteBank».



Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ,
Астана

Автоматизированная система управления расчетами грузовых перевозок стала значимым достижением АО «НК «КТЖ», что особенно важно в рамках реализации государственной программы «Цифровой Казахстан».

К слову, система работает в режиме реального времени, что позволяет осуществлять моментальную актуализацию балансов по лицевым счетам клиентов.

– Для поддержания акту-

альности лицевых счетов в системе предусмотрены методы веб-сервисов по онлайн-зачислению денежных средств на единые лицевые счета. Впервые в 2014 году были проведены работы по интеграции системы с АО «Народный банк Казахстана». Данное решение позволило поддерживать в актуальном состоянии лицевые счета с учетом выходных и праздничных дней, – отметил заместитель директора по развитию и эксплуатации SAP филиала АО «НК «КТЖ» –

«Дирекция автоматизации и цифровизации» Нурболулы Әсет.

По его словам, в рамках интеграции системы с рядом банков второго уровня в части онлайн-платежей удалось усовершенствовать схему процесса онлайн зачисления денежных средств на ЕЛС клиентов. Это удалось благодаря созданию IPSEC-туннеля для обеспечения безопасного обмена данными и сервиса для приема платежей в режиме онлайн. Кроме того, был изменен вид запроса в интеграционной шине SAP PO/PI с SOAP на REST.

Напомним, внедрение автоматизированной системы управления расчетами грузовых перевозок в интеграции с технологическими и программными комплексами АО «НК «КТЖ» осуществлено в 2011 году на базе SAP ERP.

– Для обеспечения целостного управления расчетами за грузовые перевозки в АО «НК «КТЖ» необходима была автоматизация процесса с построением моделей хранения справочников основных

данных, исходной, входной информации и выходных отчетных форм с интеграцией с технологическими и программными комплексами АО «НК «КТЖ», – сказал Нурболулы Әсет.

Сегодня система позволяет обеспечивать формирование всей финансовой отчетности из единой информационной системы SAP TОО «КТЖ – Грузовые перевозки» в соответствии с требованиями бухгалтерского и налогового учета Республики Казахстан. Также повысить качество и оперативность работы с клиентами, обеспечить создание и введение в систему единого лицевого счета клиента и обеспечить возможность формирования оперативного учета движения денежных средств и оказанных услуг.

– Основной целью проекта внедрения системы SAP было создание в компании централизованной системы управления расчетами за грузовые перевозки, интегрированной совместно с ЕК ИОДВ, АРМ «Транзит», ИВЦ ЖА, АРМ «АГКР» и АСУ «ДКР» и банками второго уровня в режиме онлайн посредством WEB-сервисов, – подчеркивает Нурболулы Әсет.

Внедрение автоматизированной системы управления расчетами грузовых перевозок уже получило положительные отзывы клиентов. Ведь внедрение инновационных решений повышает клиентоориентированность железнодорожного транспорта и эффективность его работы.

Фото автора

ПРОИЗВОДСТВЕННЫЙ ПРОЦЕСС В ДЕЙСТВИИ



На станции Балхаш-1 Карагандинской области прошло производственное совещание под руководством директора филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ГП» Марата Ибраева.



путей, принятых в эксплуатацию осенью прошлого года на участке Мойынты – Балхаш. В них входит периодичность проверки мобильных диагностических комплексов (МДК), устранение отклонений от нормы при помощи машин и людских ресурсов и то, каким образом осуществляется контроль за проходящими поездами и участие вагонников в этом процессе.

Стоит отметить, что в рамках проекта по строительству 836 километров вторых путей

железнодорожного участка Достык – Мойынты введены во временную эксплуатацию 135 километров вторых путей на участке Мойынты – Балхаш-1.

Участок включает перегоны Мойынты – Буйрек, Буйрек – Сарыкум, Сарыкум – Кокдомбак, Кокдомбак – Балхаш-1 и станции.

На сегодняшний день на перегонных участках и на станциях запущена система МПЦ-QZ производства отечественной компании ТОО «Qaz Rail Automatic». Кроме

того, введена в эксплуатацию автоматическая локомотивная сигнализация, интегрированная в МПЦ-QZ.

На введенном во временную эксплуатацию участке с начала проекта осуществлены операции по устройству насыпи, строительству искусственных сооружений, в том числе мостов, верхнему строению пути, 122,7 километра главных и 12,3 километра станционных путей, а также возведены объекты энергетики, запущены устройства СЛБ и связи.

Благодаря построенному второму пути и введению новой системы МПЦ-QZ прием и отправление четных и нечетных поездов, а также их движение осуществляется по двум направлениям параллельно, что значительно увеличивает пропускную способность транспортного коридора Достык – Актогай – Мойынты – Жарык – Жезказган – Саксаульская – Кандыагаш – Актобе – Илецк.


По итогам производственного совещания приняты решения по оптимизации движения грузовых составов. Кроме того, обеспечены меры безопасности в период реконструкции, определены задачи для всех участников процесса.

Фото автора



КАПИТАЛЬНОЕ ОБНОВЛЕНИЕ

Любовь РОВБА,
Астана



Свыше 244 километров железнодорожного полотна капитально отремонтируют в 2025 году силами ТОО «Теміржол жөндеу». В ряде регионов Казахстана работы уже начались.

Первое технологическое окно в этом году проведено силами ПМС Бірлік на участке Кумшағыл – Шолдала Жамбылского отделения магистральной сети. С 15 по 20 апреля к работам приступят ПМС Астана, ПМС Актобе и ПМС Шар.

В ремонте будет задействовано более 1 500 производственных работников, порядка 100 единиц автотранспорта и 60 машин тяжелого типа, а также около 600 единиц остального подвижного состава.

Всего по сети АО «НК «КТЖ» в этом году планируется модернизировать 1 480 километров железнодорожного полотна. Из них капитально обновят 512,7 километра.

ТОО «Теміржол жөндеу» ежегодно ремонтирует порядка 250-270 километров железных дорог в Казахстане, кроме того, участвует в строительстве вторых путей Достык – Мойынты.

Так, в конце марта генеральный директор ТОО «Теміржол жөндеу» Айбек Терекбаев ознакомился с ходом строительства вторых путей на участке Саяк – Актогай.

Он проинспектировал работу по укладке стрелочных переводов, балластировке пути щебнем, устройству земляного полотна под станционные пути и т.д.

К 20-м числам марта на участке Саяк – Актогай на 100% завершили удлинение 81 водопропускной трубы и строительство 18 железобетонных мостов, в том числе два больших моста длиной через реку Аягоз (355 метров) и реку Баканас (223 метра).

Практически завершено устройство земляного полотна в объеме 2,2 миллиона кубометров. Строительство ВЛ-10 кв АБ выполнено на 90% – 170 километров из запланированных 186. Укладка рельсошпальной решетки – на 89%; 172,9 километра из 193,6, укладка стрелочных переводов на станциях и разъездах – 65 %; 72 комплекта из 110, балластировка пути щебнем – на 70%; 350 тысяч кубометров из запланированных 505 тысяч.

По итогам инспекции на производственной базе Жаксыбулак проведено совещание, в ходе которого Айбек Терекбаев дал ряд поручений.

В арсенале ТОО «Теміржол жөндеу» – более тысячи единиц специализированной техники, необходимой для ремонта и строительства железных дорог. И парк постоянно пополняется новой высокотехнологичной техникой.

Напомним, в рамках исполнения поставленных Главой государства задач по модернизации железнодорожной инфраструктуры КТЖ до 2029 года отремонтирует 11 тысяч километров железных дорог.

Фото автора

НАПРЯМУЮ И СО СКИДКОЙ

Махаббат НЕГЕМБАЕВА,
Астана



С апреля поезда «Тальго» № 4/3 и № 10/9, курсирующие между Астаной и Алматы, будут следовать по прямому маршруту, без заезда на станцию Шу. Кроме того, по средам на эти поезда действует скидка.

Решение об изменении маршрута движения поездов «Тальго» № 4/3 и № 10/9 принято нацперевозчиком в связи с оптимизацией логистики, что позволит сократить общее время в пути между Астаной и Алматы примерно на час. Стоит отметить, что станция Шу является узловой и требует смены локомотива. При этом пассажиропоток со станции Шу достаточно низкий.

Пассажиры, планирующие посадку или высадку на станции Шу, могут воспользоваться альтернативными маршрутами – социально значимыми поездами, сформированными из стандартных вагонов, а также следующими поездами «Тальго»: № 72/71 Астана – Шымкент, № 86/85 Астана – Шымкент (поезда между Астаной и Шу), а также № 1/2 Ташкент – Алматы, № 11/12 Шымкент – Алматы, № 25/26 Шымкент – Алматы, № 27/28 Орал – Алматы (поезда между Шу и Алматы).

Приятной новостью для пассажиров, путешествующих на «Тальго» из столицы в южный мегаполис и обратно, станет новость об акции «Сәтті Сәрсенбі». Весь апрель по средам на билеты в купейные вагоны поездов № 3/4 и № 9/10 Астана – Алматы действует скидка 35%.

Таким образом, билет в одну сторону обойдется всего в 13 919 тенге. Подчеркнем, акция действует исключительно по средам, и билеты по сниженной цене доступны только на 9, 16, 23 и 30 апреля.

Билеты можно приобрести на сайте ilet.railways.kz, в билетных кассах вокзалов и через мобильное приложение «Билет КТЖ» для Android. АО «Пассажирские перевозки» просит планировать поездки заранее, а также приносит извинения за возможные неудобства, связанные с изменением маршрутов поездов № 4/3 и № 10/9.

БАҚЫТЫН БОЛАШАҚТАН ТАПҚАН

Түбек темір жолының сонау қиырдағы Болашақ станциясында еңбек ететін Гүлмира Сыдықованы әріптестері зор құрметпен зейнетке шығарып салды.

Болашақ станциясы жаңадан ашылған 2011 жылдан бері жүк және багаж қабылдап-тапсырушы болып жұмыс істеп келе жатқан Гүлмира Сыдықованың құрметіне станция ұжымы арнайы басқосу ұйымдастырды. Салтанатты жиында алдымен сөз алған станция басшысы Мақсат Нұрбеков өзіне жүктелген міндетін кәсіби біліктілікпен адал атқарып, зейнет жасына жеткенше абыроймен еңбек еткен Гүлмира Қалдауқызының атына көп жылы сөз айтып, жаңа келген жастарды жұмысқа баулып, үйретіп, тәрбиелеп, ұстаздық еткен қызметін жоғары бағалады. Талай жылғы қызметіне ризашылық білдіріп, Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесі басшылығы мен көсподақ ұйымының Алғыс хаты мен марапатын табыс етті. Әріптестері мен шәкірттері де кезекпен сөз алып, сыйластықтары мен қимастықтарын қатар жеткізіп, құшағын гүлге толтырып, лайықты



Гүлмира Қалдауқызы 1964 жылы Орал облысының Ақжайық ауданында дүниеге келген. Туған ауылы Базартөбе темір жолдан жырақта. Сондықтан базартөбеліктердің темір жолмен байланысы жоқ, өзімен өзі бірсарынды тірлігі қайнаған ауыл болыпты. Гүлмира апамыз мектеп бітірген соң Ақтау қаласында тұратын

ВОПЛОЩЕНИЕ МЕЧТЫ



В настоящее время диспетчер участка Шу – Тараз Регионального центра управления перевозками Алматы Райхан Сейтенова ежедневно доказывает, что обладает всеми необходимыми качествами: внимательностью, выдержкой и умением быстро принимать решения. В течение смены ей приходится выполнять десятки манипуляций, звонков, координировать движение поездов, вести переговоры с различными службами, обеспечивая бесперебойность перевозок.

Райхан Сейтенова – уроженка

города Тараза, представительница семьи железнодорожников. Продолжив семейную традицию, работала на станции Тараз оператором технологического центра по обработке документов, оператором ЭВМ, помощником дежурного по станции, дежурной по станции Тараз, а далее – поездным диспетчером в Жамбылском отделении грузовых перевозок. В 2021 году перевелась в Алматы в Региональный центр управления перевозками. В ее руках – точное соблюдение графика, эффективное использование путей и оперативное устранение возможных

задержек. И хоть ее профессия напряженная и хлопотная, по мнению нашей героини, – незаменимая и ответственная.

– Моя профессия мобилизует все мои ресурсы, все силы, здесь случайных людей нет. У нас трудятся специалисты, от которых требуется способность воспринимать и удерживать в памяти большой объем информации, быстро принимать решения, при этом сохранять самообладание и выдержку в аварийных и экстремальных ситуациях, – улыбаясь, говорит Райхан, понимая всю



ГОД
РАБОЧИХ
ПРОФЕССИЙ

значимость своей работы.

В часы досуга Райхан Сейтенова посвящает время семье. Она с радостью проводит время с дочерью, стараясь подарить ей заботу и внимание, которой порой не хватает в напряженном рабочем графике. Одним из ее любимых занятий является катание на велосипеде. По мнению Райхан, это не только приятный отдых, но и возможность отвлечься от рабочих будней, насладиться свежим воздухом и активным образом жизни.

Для нее работа – определенный ритм и образ жизни, требующий выдержки, внимательности и преданности своему делу. Именно такие люди, как Райхан Муслимовна, делают железную дорогу надежной и бесперебойной.

Елена КОЛДАСБАЕВА, Алматы
Фото автора

АЯГӨЗДІК АРДАГЕРГЕ ҚҰРМЕТ

Қоғамдық жұмыстарға белсене атсалысып, ел игілігі жолында, әсіресе теміржол саласының өркендеуіне елеулі үлес қосып жүрген аяғөздік аға буын өкілі Сейітбек Ешмуратов жуырда ерекше марапатқа бөленді.

Теміржол саласында 40 жылдан аса еңбек жолы бар Сейітбек Назарұлына Аяғөз өңіріндегі тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолында полиция қызметкерлерімен бірлесе жүргізген нәтижелі еңбегі үшін ҚР Ішкі істер министрі, полиция генерал-лейтенанты Е.Саденовтің Алғыс хаты салтанатты түрде табыс етілді. Астана төрінен жеткен осынау



марапатты ел ағасына Аяғөз ауданының ІІБ баспағы К.Абишев салтанатты түрде табыстап, ардагердің өнегелі еңбек жолының кейінгі буын

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДАР ҰСТАХАНАСЫ

Ел экономикасының басты өндірістік қуаты – кәсібін жетік меңгерген жұмысшы мамандар екені белгілі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялауы – қоғам арасында қарапайым еңбек адамының беделін көтеріп, осы кәсіп иелеріне жігі көңіл бөлінуде.

Еліміздің барлық өңірінде жұмысшы мамандықтар беделін және кадрлар даярлау сапасын арттыруға, жұмыс берушілермен өзара іс-қимылды нығайтуға бағытталған іс-шаралар белен алды. Соның бір парасын М.Тынышбаев атындағы Шымкент АЛТ көлік колледжі іске асырып отыр деп нық сеніммен айта аламыз. Аталған оқу орны техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының ішіндегі Түрікстан облысы және Шымкент қаласы бойынша теміржол саласына мамандар даярлайтын білім ордасы ретінде танылған. Сондықтан оқу

орнын әлеуметтік серіктестермен байланысты нығайтатын «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның орта буын кадрлар дайындайтын оқу мекемесі деп айтуға болады. Себебі осы күндері колледжде 1215 студент 7 мамандық бойынша білім алып жатқан болса, оның бәрі де жоғарыда аталған теміржол саласының кадрлық сұранысын олеуге негізделген. Айталық, локомотив пен вагон жөндеу шебері, машинист көмекшісі, тасымалдауды ұйымдастыру мен сигнал беру, орталықтандыру мен бұғаттау құрылғыларына қызмет

С ОЦЕНКОЙ «УДОВЛЕТВОРИТЕЛЬНО»

Годовое отчетное собрание Уральского регионального совета ветеранов филиала АО «НК «КТЖ» – «Актюбинское отделение магистральной сети» провели по традиции – в музее железнодорожников. После выборов руководящего состава по горячим следам распределили обязанности и поздравили с юбилеями двух членов совета.

Совет ветеранов Уральских железнодорожников – одна из крупнейших ветеранских организаций Западно-Казахстанской области, в которую входят «первички» 14 железнодорожных предприятий. – Совет ветеранов в своей работе руководствуется уставом РОО «Организация ветеранов РК», Положением о совете ветеранов железнодорожников АО «НК «КТЖ», дважды в год проводится отчет о проделанной работе, обсуждаются вопросы содействия, условий проживания пенсионеров. На сегодняшний день у нас состоит на учете 1 050 неработающих железнодорожников-пенсионеров, в том числе один участник-инвалид Великой Отечественной войны, 39 тружеников тыла, три чернобыльца, четыре афганца, 17 почетных железнодорожников и 26 награжденных медалями «Ветеран труда», – рассказал председатель Уральского регионального совета ветеранов филиала АО «НК «КТЖ» – «Актюбинское отделение магистральной сети» Ақназар Карибаевич.

В рамках проводимой социальной политики АО «НК «КТЖ», согласно Коллективному договору на 2024-2026 годы, для ветеранов совместно с профкомом устраиваются чаепития и другие мероприятия на День благодарности, 8 Марта, Наурыз, 1 Мая и День Победы, День работников транспорта и День пожилого человека. Для этих целей в 2024 году было выделено 598 тысяч тенге. Помимо этого, пенсионерам КТЖ оказывают материальную помощь и по другим поводам. В течение отчетного 2024 года 1 163 пенсионерам-железнодорожникам была



оказана материальная помощь в общей сложности на сумму около 24,5 миллиона тенге. В том числе на санаторное лечение, зубопротезирование, юбилейные даты – 70, 80, 90 лет, льготный проезд на железнодорожном транспорте, погребение, лечение малообеспеченным семьям и так далее.

В итоге работе регионального совета ветеранов единогласно дана оценка «удовлетворительно», а состав совета был переизбран на новый трехлетний срок. Кроме того, были созданы пять комиссий. Организационно-массовую возглавила Алевтина Вершинина, культурно-массовую – Зоя Амангалиева, бытовую – Кайрат Казбаев, спортивно-оздоровительную – Дина Кулмуова, комиссию по работе в предприятиях – Замир Ибрашев.

Под занавес ветераны тепло поздравили своих юбиляров с 70-летием – ветерана ВЖДО Замира Ибрашева и ветерана Уральского филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Актюбинское отделение ГП» Татьяну Кувалдину. Оба они проработали на благо республики по 40 лет.

Анна МАРЫНА, Уральск
Фото автора

жастар үшін үлгі екенін атап өтті.

Теміржолшылар Сейітбек Назарұлын Ақтағай локомотив пайдалану депосының ашылуына ерен үлес қосқан қайраткер ретінде жақсы біледі. Ал бүгінде жеке кәсіпкер ретінде қоғамдық жұмыстарға белсене араласуда. Сонымен қатар Аяғөз өңіріне танымал меценат. Ақтағай, Таңсык станцияларымен оған жақын елді мекендер игілігі үшін қосып келе жатқан үлесі аз емес. Сондықтан болап өткен жылы ғана Абай облысы мәслихатының Алғыс хатын алып, «Аяғөз ауданының құрметті азаматы» төсбелгісін өңіріне тақты. Ал зайыбы Сауле Қалиаскарқызы «Офицердің Анасы» төсбелгісімен марапатталды. Бұл – Алматы қаласында полиция қызметінде жүрген қыздары Елдананың еңбегі мен тәрбиесіне берілген баға болса керек.

Қуаныш ҚОЖАЕВ, Семей
Суретті түсірген автор

болғандықтан, білім ордасының жергілікті теміржол мекемелерімен өзара байланысы жолға қойылған. Яғни техникалық және кәсіби білім беру мекемесі мен кәсіпорындар арасындағы ынтымақтастық келісімшарты бекітіліп, студенттердің өндірістік практикадан өтуіне мүмкіндіктер қарастырылған. Атап айтқанда, болашақ маман иелері «КТЖ» ҰК» АҚ Шымкент магистральдық желі бөлімшесі мен «КТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-нің барлық станция, деполары мен дистанцияларында, одан бөлек жылжымалы құрамдарға түрлі сервистік қызмет көрсететін «S.G.M. Group» ЖШС, «Best Building Service» ЖШС, «Транстелеком» АҚ-ның «QAZINPRO GROUP» ЖШС мен «QAZINPRO GROUP» ЖШС сынды филиалдарында тәжірибеден өтіп, білімдерін шыңдай алады. Өткен оқу жылында колледждің 700 студенті өңірдегі 11 теміржол мекемелерінде өндірістік, дипломалды және кәсіптік практик-кадан өткен.

Нұрлыбек ДОСЫБАЙ, Шымкент
Суретті түсірген автор

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ

Бас редактор
Дина Муздубаева

Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87,
60-44-88, 60-44-92

Басылымның таралымы 11 415
Газет сейсенбі,
жұма күндері шығады.

Жауапты хатшы
Ерболат Тілеубергенов,
тел.: +7 702 5795768

Кезекші редакторлар:
Л. Ровба, Р. Рахметова

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол,
автомобиль, әуе және су көлігі»
қызметкерлерінің қосып одағы»
қоғамдық бірлестігі айналысады.

© «Қазақстан теміржолшысы»
газетінде жарияланған
материалдарды
көшіріп немесе өзге басу үшін
редакцияның жазбаша рұқсаты
алынды, газетке сілтеме жасалуы
міндетті.
Редакция авторлар мақаласы мен
жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Колдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосым Мұқашев 8-778-946-09-66
Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Маңғыстау: Шахиджа Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
Жамбыл: Ардақ Усейінова 8-777-667-26-20
Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 87025480092
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертay 8-777-498-31-61

Газет басылатын қалалар:
Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Қазақстан Республикасы Баспасөз және
бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық
агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың
30 шілдесінде № 601 тіркеу куәлігі берілді.